

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК
УНИВЕРСИТЕТІ
ЭКОНОМИКА, БАСҚАРУ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ ФАКУЛЬТЕТІ
ӘЛЕУМЕТТІК ҒЫЛЫМДАР ДАЯРЛАУ БАҒЫТЫ БОЙЫНША АКАДЕМИЯЛЫҚ
КОМИТЕТ МӘЖІЛІСІНІҢ
№__7__ ХАТТАМАСЫ**

Түркістан қаласы

26.04. 2024 жыл

Қатысқандар: АК төрағасы – аға оқытушы Әбсаттар С., АК мүшесі, PhD. академиялық персонал – Тажибаев Р., АК мүшесі, PhD. академиялық персонал – Анламасова М., АК мүшесі, саяси ғ.к. академиялық персонал – Нысанбаева А., АК мүшесі, аға оқытушы Сержан О., АК мүшесі, жұмыс беруші өкілі – Аралбеков Н., АК мүшесі, жұмыс беруші өкілі – Женгизхан Жаналтай (онлайн зум арқылы), АК мүшесі, жұмыс беруші өкілі – Халықов М., АК мүшелері, білімгерлер өкілдері – Эргаштаев Ш., Мұстафа Санжар Ышын, Райымқұл А., Рысбайқызы А.

Күн тәртібі:

1. ББ іске асыру үшін университеттің мүмкіндіктерін талдау
2. ББ шеңберінде әр пән оқытушысының меңгеруі тиіс біліктілік тізімін анықтау
3. Қажет жағдайда қазақстандық және халықаралық нарықта оқытушылар мен ғалымдарды қабылдау үшін ашық конкурсқа ұсыныс әзірлеу
4. ББ пәндерін оқыту барысында жетіспейтін оқулықтармен оқу-әдістемелік құралдарға тапсырыс дайындау.
5. Сәуір айында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау

Тыңдалды:

АК төрағасы Әбсаттар С.: ББ іске асыру үшін университеттің мүмкіндіктерін талдау, ББ шеңберінде әр пән оқытушысының меңгеруі тиіс біліктілік тізімін анықтау, қажет жағдайда қазақстандық және халықаралық нарықта оқытушылар мен ғалымдарды қабылдау үшін ашық конкурсқа ұсыныс әзірлеу, ББ пәндерін оқыту барысында жетіспейтін оқулықтармен оқу-әдістемелік құралдарға тапсырыс дайындау туралы айтты

Сөз кезегін АК мүшесі, академиялық персонал, Анламасова М. алды:

6В03138, 7М03138 Халылықаралық қатынастар, БББ-ның бакалавриат және магистратура деңгейлері және 7М03117- Саясаттану БББ, 6В03187-Психология- дінтану бакалавриат БББ бойынша ББ іске асыру үшін университеттің мүмкіндіктерін талдау нәтижесінде жан-жақты зерртеулер жасалды, ББ шеңберінде әр пән оқытушысының меңгеруі тиіс біліктілік тізімін анықтау мақсатында келешекте біліктілік көтеру курстарының тақырыптары зерделенді. Қазақстандық және халықаралық нарықта оқытушылар мен ғалымдарды қабылдау үшін ашық конкурсқа ұсыныс әзірлеу, ББ пәндерін оқыту барысында жетіспейтін оқулықтармен оқу-әдістемелік құралдарға тапсырыс дайындалып жатқандығын жеткізді.

АК мүшесі, академиялық персонал, Нысанбаева А.: Жоғары оқу орнынан кейінгі ББ-лары бойынша 7М03117 Саясаттану ББ бойынша аудиті нәтижелерімен бөлісті. Аталған ББ бойынша әсіресе, жаңа пәндердің құрылымына, силлабустардың

мазмұнына, оқу-әдістемелік кешендерді жетілдіруге, пәндер бойынша құзіреттіліктердің жұмыс берушілердің талаптарына сай болуына баса назар аударылғандығын жеткізді, жалпы аудит нәтижесі жақсы деңгейді көрсеткендігін атап өтті.

АК төрағасы Әбсаттар С.: Құрметті АК мүшелері алда жұмыстар өте тығыз және ауқымды жұмыстарды бірігіп жасасақ барлық жұмыстар шешімін табады деп сенемін.

Шешім:

1. ББ іске асыру үшін университеттің мүмкіндіктерін талдауы нәтижесі бекітілсін.
2. ББ шеңберінде әр пән оқытушысының меңгеруі тиіс біліктілік тізімі бекітілсін.
3. Қажет жағдайда қазақстандық және халықаралық нарықта оқытушылар мен ғалымдарды қабылдау үшін ашық конкурсқа ұсыныс дайындалсын
4. ББ пәндерін оқыту барысында жетіспейтін оқулықтармен оқу-әдістемелік құралдарға тапсырыс әзірленсін..

Мәжіліс төрағасы:



Әбсаттар С.

Хатшысы:



Нысанбаева А.